

Торайғыров университетінің  
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ  
Торайғыров университета

---

**ТОРАЙҒЫРОВ  
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ  
ХАБАРШЫСЫ**

**Филологиялық сериясы**  
1997 жылдан бастап шығады



**ВЕСТНИК  
ТОРАЙҒЫРОВ  
УНИВЕРСИТЕТА**

**Филологическая серия**  
Издается с 1997 года

ISSN 2710-3528

№ 4 (2021)

Павлодар

**НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ  
ТОРАЙГЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА**

**Филологическая серия**

выходит 4 раза в год

---

**СВИДЕТЕЛЬСТВО**

О постановке на переучет периодического печатного издания,  
информационного агентства и сетевого издания

№ KZ30VPY00029268

выдано

Министерством информации и общественного развития  
Республики Казахстан

**Тематическая направленность**

публикация материалов в области филологии

**Подписной индекс – 76132**

<https://doi.org/10.48081/DPTH7913>

---

**Бас редакторы – главный редактор**

Жусупов Н. К.

*д.ф.н., профессор*

Заместитель главного редактора

Анессова А. Ж., *доктор PhD*

Ответственный секретарь

Уайханова М. А., *доктор PhD*

**Редакция алқасы – Редакционная коллегия**

Дементьев В. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Еспенбетов А. С., *д.ф.н., профессор*

Трушев А. К., *д.ф.н., профессор*

Маслова В. А., *д.ф.н., профессор (Белоруссия)*

Пименова М. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Баратова М. Н., *д.ф.н., профессор*

Аймухамбет Ж. А., *д.ф.н., профессор*

Шапауов Ә. Қ., *к.ф.н., профессор*

Шокубаева З. Ж., *технический редактор*

---

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

<https://doi.org/10.48081/UJOK7285>

**\*М. М. Акешова<sup>1</sup>, Б. Ғ. Абжекенова<sup>2</sup>**

<sup>1</sup>Қ. А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті,  
Қазақстан Республикасы, Түркістан қ.

<sup>2</sup>Қорқыт аға атындағы Қызылорда университеті,  
Гуманитарлық-педагогикалық институты,  
Қазақстан Республикасы, Қызылорда қ.

## **CHALLENGE ТӘСІЛІН АҒЫЛШЫН ТІЛІН ОҚЫТУДА ҚОЛДАНУ ТИІМДІЛІГІ**

*Мақалада ағылшын тілін оқытуда қолданатын тиімді әдістерге әдеби шолу жасалынды. Қазіргі таңда ағылшын тілі әлемдік деңгейдегі мүмкіндіктерге жол ашатын негізгі инструмент болып табылады. Мақала мақсаты заман талабына сай заманауи әдістердің ерекшеліктерімен тиімділігін зерттеу. Білім алушыларға оқыту барысында когнитивті процесстердің дамуына сай тиімді әдістерді анықтау. Challenge тәсілі тәуелсіз шешім қабылдау дағдыларын дамыту, тіл үйрену барысында топтық немесе индивидуалды жұмыс барысында әртүрлі коммуникативті дағдыларды қалыптастыру. Challenge тәсілін ағылшын тілін оқытуға қолданудың тиімділігі сипатталады. Challenge тәсілін қолдана отырып оқыту барысындағы білім алушыларға қиындық туғызатын тақырыптарды анықтай отырып, мәселенің шешімін тауып, оны жүзеге асыруға дағдыланады. Мәселе анықталғаннан кейін білім алушылар сұрақтарын түжырымдайды, олардың жасауы оларды мәселені шешуге жақындатады. Білім алушылар анықтаған бағыттаушы сұрақтар проблеманы шешу үшін қандай білім қажет екенін анықтауға және білімді картаға түсіруге көмектеседі. Студенттер мәселені шешу үшін қандай сабақтар, дәрістер, ресурстар қажет болатынын анықтайды. Бұл тәсіл арқылы ағылшын тілін тиімді оқытудың қарастырылады. Білім алушылар тілі меңгеру барысында жетік және интенсивті оқытуды басты назарға алса, тіл үйреуді әлжуметтік, коммуникативті дағдыларға сай меңгереді.*

*Кілтті сөздер: challenge, коммуникация, интерактивті оқыту әдісі, интенсивті оқыту, ағылшын тілі.*

## **Кіріспе**

XXI ғасыр шет тілдерін меңгеру заман талаптарының бірі және бірегейі болып табылады.

Шетел (ағылшын) тілін үйрену – бұл тек сәнге немесе біреудің еркіне деген құрмет емес, жаһандануға қарай дамып жатқан қазіргі қоғамда өмірлік маңызы бар білім алу процесі.

Қазіргі жағдайда ағылшын тілі – бұл әлемдік ғылым мен озық технологиялар, жаһандық саясат, экономика, сауда және көлік тілі. Онда барлық ақпараттың шамамен 80 % сақталады, Интернеттегі веб-сайттардың 50 %-дан астамы ағылшын тілінде. Әлемдік ғылым бір тілді болып саналады, өйткені жалпы ғылыми басылымдардың 70 %-ына дейін және жаратылыстану ғылымдарындағы басылымдардың 99 %-ы ағылшын тілінде жарыққа шықты [1].

2016 жылы әртүрлі статистикалық көрсеткіштер бойынша 603 163.010 адамнан 1 миллиард адамға дейінгі ұлттық-ағылшын билингвалдарының саны ана тілінде сөйлейтіндер санынан едәуір асып түсті – 339 370 920 адам құрады. Бұл зерттеу ағылшын тілін оқытудағы Challenge тәсілінің ерекшеліктері сипаттайды.

Шет тілдерін оқыту – қазіргі қоғамда күрделі және өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Өзiргi таңда ағылшын тілін тілін оқыту әдістемесі мен әдістерін жасауға үлкен назар аудару қажет. Оқыту әдістері мен тәсілдері білім беру процесінің маңызды компоненттерінің бірі болып табылады. Сәйкес әдістерді қолданбай, жүйелі түрде оқыту жүруі қажет. Оқыту процесінің тиімді қалыптасуы білім алушыға тіл үйренуде жеңілдің туғызатыны рас. Сол себепті, білім беруші тарап, зерттеушілер, заман талабына, халықтың білім алу деңгейіне сай тіл үйренудегі қиындықтарды аса назарға алуы тиіс. Challenge тәсілі арқылы тіл үйрену тиімділігі, білім алушы тіл үйренудегі қиындықтарды шешу мақсатында дағдыларды өзі қалыптастырды, ізденімпаз және креативтілік қасиеттері дамиды

Challenge тәсілін ағылшын тілін оқытуда қолдану тиімді. Соған сәйкес міндеттері:

- 1 Шет тілін оқыту әдістері мен тәсілдерінің мәнін ашу;
- 2 Challenge тәсілін ағылшын тілін оқытуда қолдану тиімділігін анықтау;
- 3 Тәжірибені оқыту көмегімен осы әдістер мен тәсілдердің тиімділігін дәлелдеу.

## **Материалдар және әдістер**

Challenge тәсілі – нақты мәселелердің шешімін табуға негізделген білім беру тәсілі.

Әдіс нақты жаһандық проблемаларды шешу кезінде оқытудың негізі болып табылады. Бұл шеңбер барлық қатысушылардан (студенттерден,

мұғалімдерден, отбасылардан және қоғам мүшелерінен) үлкен идеяларды анықтауға, жақсы сұрақтар қоюға, қиындықтарды анықтауға және шешуге, пән бойынша терең білім алуға, ХХІ ғасыр дағдыларын дамытуға мүмкіндік беретін ынтымақтастық және практикалық бөліктердің жиынтығы болып сипатталады [2, 23 б.].

Оқу үдерісіне қатысушылар зерттелген объект туралы білім алғанға дейін де практикалық тапсырма алады. Берілген мәселені шешу үшін бірлесіп жұмыс істей отырып, қатысушылар мәселені талдайды, ой бөліседі, гипотеза құрады, қосымша ақпаратты зерттейді және оңтайлы шешімдерді таңдайды. Жаңа білім мен дағдыларды игеру, варианттарды іздеу және шешім қабылдау процесінде пайда болады.

Аудиториядағы білімді алудың дәстүрлі тәсілінен айырмашылығы, яғни практикадан оқшауланған жағдайда, проблемалық бағыттағы оқыту студенттерді нақты шешім қабылдауға және белгілі бір нәтижеге қол жеткізуге тура келетін жағдайға бағыттайды, әр ситуациядан тиімді жауап алу және креативтілікке үйретеді [3, 88 б.].

Challenge әдісі ХХІ ғасырдағы білім беру ортасының маңызды жобалау принциптерін анықтау үшін 2008 жылы Apple, Inc компаниясы бастамашылық еткен «Apple Classroom of Tomorrow – Today» (ACOT2) жобасында пайда болды (Apple Inc., 2008). ACOT2 жобалау принциптерінен бастап Apple, Inc командасы үлгілі тәрбиешілермен бірге дамыта оқыту, тестілеу және қиындықтарға негізделген оқытуды жүзеге асырады.

Challenge әдіс шеңбері үш кезеңге бөлінді:

Қатысу – маңызды сұрақ қою процесі арқылы білім алушылар абстрактілі үлкен идеядан нақты және іс-әрекетке шақыруға ауысады.

Зерттеу — барлық білім алушылар шешімдердің негізін құрайтын және академиялық талаптарға жауап беретін материалдарды жоспарлайды және пайдалану, қолдану тиімділігін қарастырады.

Акт – дәлелді шешімдер дайындалып, шынайы аудиториямен бірге жүзеге асырылады, содан кейін нәтижелер негізінде бағаланады [4,12 б].

Challenge әдісінің ерекшеліктері:

– Мәселелерді қою - бұл жаңа білім мен дағдыларды игерудің бастапқы нүктесі.

– Білім алушылар проблеманы шешуге жауапкершілік алады.

– Оқытушының рөлі - ақпаратты іздеу мен талдауды модерациялау, миға шабуыл мен топтық талқылауды үйлестіру. Сонымен қатар, бұл білім алушылардың сыни ойлауын және олардың оңтайлы шешімдерін іздеуін ынталандырады.

– Білім алушылар топтық жұмысқа және бірлескен шешімдерді іздеуге белсенді қатысады.

– Берілген мәселені шешу барысында студенттер жаңа білімдер мен дағдыларға ие болады [5, 23 б.].

Мәселенің шешімін табу үшін қатысушылар ақпаратты іздеп, талдап, бірқатар бастамалар көтеріп, баламаларды талдап, ең жақсы нұсқаны тандауы керек. Берілген тапсырманы орындау барысында білім алушылардың алатын қиындықтары оларды өз бетінше қажетті білім мен құралдарды іздеуге итермелейді, шығармашылық пен сыни ойлауды ынталандырады.

Белгілі бір жағдайда нақты жағдайларға жақын білім мен дағдыларды игеру оқытудың тиімділігі мен оның практикалық құндылығын арттырады.

#### **Нәтижелер мен талқылаулар.**

Ағылшын тілін оқу барысында қиындық туғызатын тақырыпты Challenge әдісіне қою – бұл жаңа білім мен дағдыларды игерудің бастапқы нүктесі болып табылады.

Әр мәселе әр түрлі шешімдерді білдіреді. Шешім мұқият, нақты, нақты тұжырымдалған және жергілікті қоғамдастықта жүзеге асырылуы керек [6, 25 б.].

Шешімдеріңізді тапқаннан кейін оларды тексеруді бастау өте маңызды. Фокус-топқа прототип жасап немесе шешім ұсынылуы қажет. Шешімді білім алушылар қабылдайды және өздері жүзеге асырады, әдісте білім алушылардың мүмкіндіктерімен креативтілігі анықталады. Шешім таңдалғаннан кейін шешімді іске асыруды жоспарлау және уақыт кестесін құру маңызды.

Шешімнің бейнежазбасы, қоғам үшін үлкен идея, қоғамдық білім беру саласындағы мәселе, проблема туралы баяндалады, содан кейін олар мәселені қалай шешкендерін және топтың шешімге қалай келгенін видео мәлімдеме немесе жазбаша мәлімде арқылы жеткізеді [7, 69 б.].

Білім алушылар шешімнің тиімділігін оны жүзеге асыру арқылы бағалайды.

Білім алушылар шешімдерінің нәтижелерін сандық және сапалық әдістерді қолдана отырып жазады. Олардың шешімдері мен келесі қадамдарының тиімділігін анықтаңыз.

Ең маңызды кезең – бұл тәжірибені шоғырландыруға көмектесетін жүріп өткен жол туралы рефлексия. Талқылау барысында тыңдаушылар қандай қиындықтарға тап болды, білім мен дағдылардың қайсысы пайдалы болды, одан әрі даму жолы қандай екендігі талқыланады.

Әрбір қадам жазылып, соңында жұмыс басылым түрінде публикацияға берілуі керек [8, 69 б.].

Ресми және бейресми бағалау бүкіл процесте жүргізіліп, Білім алушылардың білімін, дағдыларын және проблемаларды шешу процесінің

өзін бағалауы керек. Мұғалімдер мен студенттер қойылым қалай бағаланатыны және бақыланатыны туралы келісі екі тараптан анықталады.

Осы зерттеудің негізгі тақырыбына ашу үшін, ағылшын тілінің лексикасын оқыту әдістемесінің қиыншылығына тоқталу қажет. Өзге тілді білім алушыларға ағылшын сөздік қорын оқыту, оқуға қатысты белгілі бір бағыттарды тұжырымдамалық қамту қажет. Сонымен, тұжырымдамалық қамтуға мыналар кіреді: сөздік терминінің анықтамасы, сөздік құрамның түрлері, сөздік қордың маңыздылығы, сөздік қорды табысты оқытудың жалпы принциптері, ағылшын тілін лексиканы шет тілі контекстінде оқыту қиындығы, сөздік қорын оқыту әдістемесі және лексиканы оқыту қажеттілігі. Осы зерттеуді жүзеге асыру үшін зерттеушілер белгілі әдебиеттермен танысқаннан кейін белгілі бір сұрақтар қойып, көптеген алдыңғы зерттеулерге шолу жасалынад, оқытудың тарихына көз жүгіртеді.

Жалпы факт ретінде сапалы зерттеу әдістері белгілі бір тақырыпқа сілтеме жасай отырып, мақсатты аудиторияның мінез-құлқы мен қабылдауын ашуға көмектесетін етіп жасалған. Әдетте тереңдетілген сұхбат, фокус-топтар, этнографиялық зерттеулер, контент-анализ, жағдайлық зерттеу сияқты сапалы зерттеу әдістерінің түрлері бар. Сапалық әдістердің нәтижелері сипаттамалы болып табылады және алынған мәліметтерден қорытынды жасауға болады. Төменде жиі қолданылатын сапалы зерттеу әдістері келтірілген: жеке сұхбаттасу фокус-топтары, этнографиялық зерттеулер, жағдайлық зерттеулер, бақылау процесі және іс қағаздарын жүргізу. Осы сандық әдістердің ішінен зерттеушілер іс қағаздарын жүргізу әдісін таңдады. Бұл әдіс дерек көзі ретінде бұрыннан бар сенімді құжаттарды және ұқсас ақпарат көздерін пайдаланады. Бұл деректерді жаңа зерттеуде қолдануға болады, атап айтқанда ескі ақпарат көздерімен заман талабына сай жасатпаған материалдардың интеграциялау. Зерттеу барысында қолдануға болатын мәліметтерді жинау үшін кітаптар мен басқа анықтамалық материалдарды қарастыруға болады. Зерттеушілер бірқатар тиісті зерттеулер жинайды және осы зерттеулерде сыни ойлау жүргізіп, жергілікті студенттерге ағылшын сөздігін оқыту әдістемесінің қиындықтарын айқындады. Мәселе айқындалғаннан кейін Challenge әдісінің шарықтау шегіне келеді [9, 50 б.]. Мәселені топтық интеграциялық оқыту негізінде мәселеге қалай бағыттала оқытады.

### **Қорытынды**

Мақалада шет тілдерін оқыту әдістері мен тәсілдері туралы мәселе зерттелген. Challenge әдісінің шығу тарихы және қолдаун ерекшеліктері баяндалды. Әдістердің табиғатын білу әдістемені ғылыми негіздеу үшін де, оның мәліметтерін білім беру тәжірибесінде қолдану үшін де өте маңызды. Нәтижелі оқытудың құпиясы, ең алдымен, оқыту әдістерінің мәнінде жатыр. Әдіс әрдайым практикалық және білім беру мәселелерін шешуге бағытталған

білім берушімен білім алушының іс-әрекетін білдіреді. Challenge әдісі ағылшын тілін оқыту барысында орын алған негізгі мәселелерге акцент жасауға бағытталады. Бұл әдіс арқылы топтық және индивидуалды оқытуды дамытуға болады. Әдістің негізгі ерекшеліктерге креативтілікті, нақты мәселелермен жұмыс жасауға бағытталады. Заман талабына сай оқыту бағдарламаларын қалыптастыру әр педагогтың басты мақсатымен міндеттері болып табылады. Challenge әдісі арқылы оқытушы білім алушының мотивациясын арттыру жұмыстарын жүргізе алады. Қызығушылықтарды арттыра отырып, қоғамды да қызықтыра алады. Негізі зейін тіл үйренудегі мәселелерді қамтиды. Мәселе анықталғаннан соң, арнайы құрылған белгілі бір қадамдар арқылы жұмыс жүргізіледі. Анықталған мәселе шешім тапқаннан соң публикация ретінде жариялануы қажет. Жарияланған публикация қоғам үшін де, білім алушылар үшін де тіл меңгерудегі негізгі барьерлерді азайтуға өз үлесін қосады [10, 325 б.]. Challenge әдісін тек білім берушінің қолданысында емес, сонымен қатар білім алушыда өз мақсатына сай қолдануына болады. Әдіс арқылы білім алушы өзінде туындаған мәселелердің шешімін табады. Challenge әдісі арқылы дәстүрлі оқыту интеграциясы қазіргі уақытта өзекті қарастырылатын тақырыптардың бірі және бірегейі болып табылады. Ағылшын тілін үйренудегі негізгі қиындықтардың орын алуы байқалса, мәселерді анықтау және шешу жолдарын Challenge әдісі арқылы тұлға бойындағы орын алған когнитивті процестердің даму жылдамдығын арттыруға болады [11, 77 б.].

Әдіскерлер мен мұғалімдердің назарын коммуникативті және интенсивті әдістер, сонымен қатар белсенді оқыту әдістеріне аса назар аударады. Біріктіре отырып, олар қазіргі заманғы білім берудің ең өзекті мәселелерін шешу үстінде. Білім алушылардың ойлау (сөйлеу-ойлау) қабілеттерін дамыту, көптеген шет тілдік материалдарды есте сақтау және шамадан тыс есте сақтау, сонымен қатар оқыту мотивтерін ескеру, топтағы тұлғааралық қатынастар, мектеп оқушыларының қабілеттері және олардың тілдік дайындық деңгейін арттыру негізгі мақсат болып табылады.

Жоғары ұтқырлық және әдістердің дамуы оқытудың теориясы мен практикасын жаңа тиімді әдістермен байытады, белгілі бір деңгейде жаңа ізденістер мен ашылулардың жолдарын болжауға мүмкіндік береді.

### Пайдаланған деректер тізімі

1 <http://challengebasedlearning.org/> [Электронды ресурсы]

2 **Johnson, L. and Adams, S.**, Challenge Based Learning: The Report from the Implementation Project. Austin, Texas : The New Media Consortium. – (2011). 256 p.



3 **Пассов, Е. И.** Коммуникативное иноязычное образование [Текст] / Е. И. Пассов. – Липецк: Липецк.гос. педаг. ин-т, 1998. – 159 с.

4 **Шехтер, И. Ю.** Интенсивный курс обучения английскому языку по эмоционально-смысловому методу [Учебное пособие для слушателей] / И. Ю. Шехтер, М. Л. Нариманова, Л. В. Пальцева. – Троицк, 1981. – 42 с.

5 **Щукин, А. Н.** Современные интенсивные методы и технологии обучения иностранным языкам [Учебное пособие] / А. Н. Щукин. – М. : Филоматис, 2008. – 188 с.

6 **Dessalegn, Oljira.** A Study on Problems of Vocabulary Teaching Techniques English Teachers Use in Holeta Primary Schools : Grade Seven in Focus International Journal of Science and Research (IJS) – ISSN (Online):2319-7064. – Index Copernicus Value (2015) – 356 p.

7 **Щукин, А. Н.** Обучение иностранным языкам : Теория и практика: Учебное пособие для преподавателей и студентов / А. Н. Щукин. – М.: Филоматис, 2006. - 480 с.

8 **Vahtikari, K.** Project based learning for master students – Case integrated interior wooden surfaces. In World Conference on Timber Engineering 2012.: – P. 315–322.

9 **Pounds, P. E. I.** Teaching mechatronics with tuned problem-based projects // Australasian Journal of Engineering Education.–2015. – Vol. 20. – Issue 1. – P. 41–58.

10 **Коньшева, А. В.** Современные методы обучения // ТетраСистемс, 2005. – 563 с.

11 **Леонтьев, А. А.** Мыслительные процессы в усвоении иностранного языка. – Иностранные языки в школе, 1975. – № 5. – 326 с.

## References

1 <http://challengebasedlearning.org/> [Electronic resource]

2 **Johnson, L. and Adams, S.** [Electronic resource] Challenge Based Learning : The Report from the Implementation Project. – Austin, Texas : The New Media Consortium., 2011–256 p.

3 **Passov, E. I.** Kommunikativnoe inoyazychnoe obrazovanie [Communicative foreign language education] / E. I. Passov. – Lipesk : Lipesk. gos. pedag. in-t, 1998. – 159 p.

4 **Shexter I.** Intensivnyi kurs obucheniya angliiskomu yazyku po emosionalno-smyslovomu metodu: Uchebnoe posobie dlya prepodavatelei i studentov [Intensive English language course on the emotional-semantic method: Study guide for listeners] / Shexter I., Narimanova M. L., Palseva L.V. – Troisk, 1981. – 42 p.

5 **Shukin, A. N.** Sovremennyye intensivnyye metody i texnologii obucheniya inostrannym yazykam: Uchebnoe posobie [Modern intensive methods and technologies of teaching foreign languages] / Shukin A.N. – Moscow: Filomatis, 2008. – 188 p.

6 **Dessalegn, Oljira**, A Study on Problems of Vocabulary Teaching Techniques English Teachers Use in Holeta Primary Schools : Grade Seven in Focus. In International Journal of Science and Research (IJS). – ISSN (Online): 2319-7064. – Index Copernicus Value, 2015. – 356 p.

7 **Shukin, A. N.** Obuchenie inostrannym yazykam : Teoriya I praktika: Uchebnoe posobie dlya prepodavatelei I studentov [Teaching Foreign Languages: Theory and Practice] / Sghukin A. N. - M.: Filomatis, 2008. — 188 c.

8 **Vahtikari, K.** Project based learning for master students – Case integrated interior wooden surfaces. In World Conference on Timber Engineering, 2012. – P 315–322.

9 **Pounds, P. E. I.** Teaching mechatronics with tuned problem-based projects. In Australasian Journal of Engineering Education. 2015. Vol. 20. Issue 1. P. 41–58.

10 **Konysheva, A. A.** Sovremennyye metody obucheniya [Modern teaching methods] // TetraSistems, 2005. – 563 p.

11 **Leontev, A. A.** Myslitelnyye processy v usvoenii inostrannogo yazyka [Thought processes in the acquisition of a foreign language]. – Inostrannyye yazyki v shkole, 1975. – № 5. – 326 p.

Материал 07.12.21 баспаға түсті.

\**М. М. Акешова<sup>1</sup>, Б. Г. Абжекенова<sup>2</sup>*

<sup>1</sup>Международный казахско-турецкий университет имени Ходжи Ахмеда Ясави.

Республика Казахстан, г Туркестан;

<sup>2</sup>Кызылординский университет имени Коркыт Ата,

Республика Казахстан, г. Кызылорда.

Материал поступил в редакцию 07.12.21.

## ЭФФЕКТИВНОСТЬ МЕТОДА CHALLENGE В ОБУЧЕНИИ АНГЛИЙСКОМУ ЯЗЫКУ

*В статье представлен литературный обзор эффективных методик обучения английскому языку. Сегодня английский язык – главный инструмент доступа к возможностям мирового уровня. Цель статьи - изучить особенности и эффективность современных*

*методов в соответствии с современными требованиями. Выявить эффективные методы развития познавательных процессов в обучении студентов. Метод Challenge – это развитие навыков самостоятельного принятия решений, формирование различных - коммуникативных навыков в групповой или индивидуальной работе при изучении языка. Описана эффективность использования метода Challenge в обучении английскому языку. Используя метод Challenge, обучающиеся привыкают находить решения проблем и реализовывать их, выявляя темы, которые им сложно усвоить. После определения проблемы обучающиеся формулируют вопросы, ответы на которые приближают их к решению проблемы. Направляющие вопросы, задаваемые обучающимся, помогают определить, какие знания необходимы для решения проблемы, и сопоставить эти знания. Студенты определяют, какие уроки, лекции, ресурсы необходимы для решения задачи. Такой метод предполагает эффективное обучение английскому языку. Студенты изучают язык в соответствии с социальными и коммуникативными навыками, при этом основное внимание в процессе овладения языком уделяется тщательному и интенсивному обучению.*

*Ключевые слова: challenge, общение, интерактивные методы обучения, интенсивное обучение, английский язык.*

\*М. М. Akeshova<sup>1</sup>, В. G. Abzhekenova<sup>2</sup>

<sup>1</sup>International Kazakh-Turkish University  
named after Khoja Akhmet Yassawi,  
Republic of Kazakhstan, Turkestan;

<sup>2</sup>Kyzylorda University named after Korkyt ata,  
Republic of Kazakhstan, Kyzylorda.

Material received on 07.12.21.

## **EFFICIENCY OF THE CHALLENGE METHOD IN TEACHING ENGLISH**

*The article provides a literary review of effective methods used in teaching English. Today, English is the main tool for access to world-class opportunities. The purpose of the article is to study the features and effectiveness of modern methods in accordance with modern requirements. To identify effective methods for the development of cognitive processes in the training of students. Challenge method is the development of independent decision-making skills, the formation of different - communicative skills*

*in group or individual work in language learning. The effectiveness of the use of the Challenge method in teaching English is described. Using the Challenge method, students become accustomed to finding solutions to problems and implementing them, identifying topics that are difficult for students to learn. Once the problem is identified, students formulate questions, the answers of which bring them closer to solving the problem. The guiding questions identified by the learners help to determine what knowledge is needed to solve the problem and to map the knowledge. Students determine what lessons, lectures, resources are needed to solve the problem. This method considers the effective teaching of English. Students learn the language in accordance with social and communicative skills, while the main focus in the acquisition of language is a thorough and intensive learning.*

*Keywords: challenge, communication, interactive teaching methods, intensive training, English.*

Теруге 07.12.2021 ж. жіберілді. Басуға 30.12.2021 ж. қол қойылды.

Электронды баспа

0,99 Мб RAM

Шартты баспа табағы 6,33. Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.

Компьютерде беттеген: А. К. Темиргалинова

Корректор: А. Р. Омарова

Тапсырыс № 3856

Сдано в набор 07.12.2021 г. Подписано в печать 30.12.2021 г.

Электронное издание

0,99 Мб RAM

Усл. печ. л. 6,33. Тираж 300 экз. Цена договорная.

Компьютерная верстка: А. К. Темиргалинова

Корректор: А. Р. Омарова

Заказ № 3856

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

67-36-69

e-mail: [kereku@tou.edu.kz](mailto:kereku@tou.edu.kz)

[www.vestnik.tou.edu.kz](http://www.vestnik.tou.edu.kz)